

## Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № 466 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 тамызда № 2640 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы № 291 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 04.12.2014 № 291 қаулысымен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының 16-бабына, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін ( бұдан әрі - әлеуметтік көмек ).

2. Үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға он үш мың бес жүз теңге көлемінде әлеуметтік көмек ұсынылсын.

3. Келесі шарттар бекітілсін:

1) мүгедек балаларға (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалардан басқа) әлеуметтік көмек отбасы табысына қарамастан, үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне немесе заңды өкілдеріне беріледі;

2) Әлеуметтік көмек өтініш білдірген айдан бастап «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық–медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысында белгіленген мерзім біткенге дейін ұ с ы н ы л а д ы ;

3) Әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсуіне байланысты

жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар болған кезде (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек-баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау) төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі ай дан б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2013.01.29 N 616 қаулысымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. А. А т а е в а ғ а ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Г. Акулов
-------------	-----------